

Хаттамасы 1

19.12.22

Қайырбек Оразов атындағы Аралағаш орта мектебі

Қатысқандар: 18

Күн тәртібінде: «Терроризмнің алдын алу жолдары»

Тыңдалды: Жалпы мектепшілік ата - аналар Қазақстан Республикасы егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүріп келе жатқанына 31 толды. Осы жылдар аралығында қоғамда барлық салаларында терең, әрі түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болып еңсесін көтерді. Халықаралық деңгейде бәсекелес болуға қабілеттілігін көрсетіп келеді. Тарихтың тереңіне кеткен рухани мұра туындылары қайта жаңғырып, өзінің лайықты мұрагерлерін тапты. Алайда, қоғамда белең алып жатқан келеңсіз мәселелер де жоқ емес. Қазақстандағы қазіргі діни ахуалдың ушығып күрделі әрі сан саналы екендігі тарихтан мәлім.

«Терроризм» ұғымына қатысты көптеген анықтамалар мен түсіндірмелер болғандықтан, жұртшылыққа ортақ анықтама беру қиынға соғады. Алайда, оның «зорлық-зомбылық», «қорқыныш пен үрей туғызушылық» және «кінәсіз адамдарға кесір тигізу» сынды басты белгілерін айқындай кетуге болады. Бұған негіздесек, терроризм «үкімет немесе қоғамды белгілі бір саяси талаптарды қабылдауға мәжбүрлеу мақсатында жүйелі түрде жасалатын қоқан-лоққы мен зорлық-зомбылық» дегенді түсіндіріп айтты.

Кейін сөзді тарих пәнінің мұғалімі Сапарова Зухра Абуовнаға берді. «Діни экстремизм мен терроризмнің адын алу жолдары» атты баяндама оқып, *«Діни экстремизм» дегеніміз - жаппай санада «экстремизм», «діни экстремизм» және «терроризм» ұғымдары агрессиялықтың, жеккөрушіліктің, қатігездік пен алауыздық ұғымдарын тасымалдаушы синонимдер болып табылады.*

Ендеше, дін мен діни экстремизм ұғымдарының ара-жігін ажыратып алғаннан кейін қазіргі таңда өзекті тақырыпқа айналған Ислам діні мен Ислам атын жамылған экстремистік бағыттағы ағымдар жөнінде тоқталғанымыз жөн. Ислам діні – ғылым мен білімге, толеранттылыққа шақырады.

Сөз түйіні, Ислам – терроризмге, зорлық-зомбылыққа, діни экстремизмге қарсы. Бүгінгі таңда әлемнің түпкір-түпкірінде ислам атымен сандаған жазықсыз адамдардың қаны төгіліп жатады. Жаратушы сөзімен қарасақ, бір адамға қиянат жасап, құрбан ету күллі адамзатқа бағытталған амал ретінде түсіндіреледі. Сонымен Исламның қақтығыс, лаңгестік, зорлық-зомбылықты, өктемдікті айыптаған, керісінше қоғамдық тұрақтылық, ізгілікті, ұстамдылықты уағыздағандіне кендігіне көзімізді жеткіземіз.

Терроризмнің ұлты да, діні де жоқ. Солтұрғыдан мұсылман адамның террорист болуы әстем мүмкін емес. Ислам дінінің терроризм, экстремизммен үшқайнаса сорпасы қосылмайды деп сөзін қорытындылады.

Қаулы:

1. «Терроризмнің алдын алу жолдар» аттыбаяндаматыңдалып, таныстыдепесептелінсін.

Хатшы: Аюпова Қ.Қ

Аюпова